

**Бірлескен Ақтөбе облысы әкімдігінің ҚАУЛЫСЫ
және облыстық мәслихаттың Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№

2016 жылғы 12 желтоқсан

**Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы
Аққұдық ауылдық округінің Веренка
ауылын Достық ауылы деп қайта атау
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 және 27-баптарына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысына, облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 8 сәуірдегі қорытындысына, Мәртөк ауданы әкімдігінің және мәслихатының ұсыныстарына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Аққұдық ауылдық округінің Веренка ауылы Достық ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Т.Шерияздановқа жүктелсін.

3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. САПАРБАЕВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

А. ТУЛЕГЕНОВА